



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

Center
of Excellence
Nazarbayev
Intellectual
Schools
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

4. Қазақ әдебиетті Қабдолов З., Қирабаев С. XX ғасыр басындағы әдебиеті 54–64 б.б.
5. Қазақ әдебиеті Мырзалиев С., Қирабаев С., Алматы 2001 жыл 178–196 б.б.
6. Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2. Т. Сын мақалар мен зерттеулер. Алматы. 1992.
7. Рысбеков Қ., Әлмес мұра қалдырған // Қазақстан мұғалімі, 2004 жыл 30 қазан 10 б.

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АТҚАРАТЫН РОЛІ

Кенжеханова Бакытгуль
экономика ғылымдарының магистрі
бастауыш сынып мұғалімі
Султанова Кымбат Сапабековна
бастауыш сынып мұғалімі
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: bahyt_91kz@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің демократияландыру, ізгілендіру, бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту, бәсекеге қабілетті қоғам мүшелерін тәрбиелеу барысында Қазақстан Республикасында елеулі, оңтайлы өзгерістер пайда болып, жүзеге асырылуда. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» қолдау тауып, үлкен іс – әрекеттер орындалып, жасампаздық пен жаңарулар туындап, барлық салаға дамыту алып келу кезеңінде, білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие үрдісіне жауапкершілікті, талапты туындатады. Қазіргі кезде балалардың рухани – адамгершілік дамуын теориялық негіздеп, педагогикалық алғышарттарын сұрыптап, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні зор екенін дәріптеп, анықтап, айқындау.

Түйінді сөздер: құндылық, жаһандану, педагогика.

Аннотация

В настоящее время в процессе демократизации, гуманизации общества, развития конкурентоспособной экономики, воспитания конкурентоспособных членов общества в Республике Казахстан происходят значительные позитивные изменения. Поддерживается «Казахстан на пути быстрого экономического, социального и политического обновления», осуществляется большая деятельность, зарождаются творчество и инновации, а в период привнесения развития во все сферы создается ответственность и востребованность образовательного процесса образовательные организации. В настоящее время теоретически обосновать духовно – нравственное развитие детей, разобраться в педагогических предпосылках, прославить, выявить и уточнить большое воспитательное значение произведений Ыбырая Алтынсарина.

Ключевые слова: ценность, глобализация, педагогика.

Abstract

Currently, in the process of democratization, humanization of society, development of a competitive economy, education of competitive members of society in the Republic of Kazakhstan, significant positive changes are taking place. “Kazakhstan is on the path of rapid economic, social and political renewal” is supported, a lot of activity is carried out, creativity and innovation are born, and in the period of bringing development to all areas, educational organizations create responsibility and demand for the educational process. At present, to theoretically substantiate the spiritual and moral development of children, to understand the pedagogical prerequisites, to glorify, identify and clarify the great educational value of the works of Ybyray Altynsarin.

Key words: value, globalization, pedagogy.

Осыған орай қазіргі кезде жаһандану және ұлттық дамудың әсерлігі мен ынтымақтастықты, ұлттық қасиетімізді қастерлеу барысында адамның рухани – адамгершілік қасиеттерін сапаландырып, ар – намысын шыңдау, әсіресе, адамның бойында құндылықты, отаншылдықты, ұлтжандылықты қалыптастыру міндеті тұр.

Оқушылардың рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мәнділігі, біріншіден, барша саланың ғаламдануы, екіншіден телекоммуникация, ақпараттық, интернеттік байланыстардың артуы, үшіншіден рухани жаңару, тазару, сондай – ақ азғынданудың да қатарласа дамуы мүмкін. Жеткіншіктердің санасын түрлі жолдармен уландыру тәрбие жұмыстары әлеуметтерінің әлсіреуі, нашақорлық, жұмыссыздық, тастанды балалар санының көбеюі, кейбір сапалардың төмендігі де ықпал жасайды. Әсіресе, қазіргі жастарды теріс жолға түсіретін, санасын бұзатын мәселелердің бірі – дүниеқұмарлық. Нарық заманы бай етсе, біреуді кедейлендіріп, дүниенің қызығы адамгершілік міндеттерінен ажыратуға себеп болады. Болашағымыз – жеткіншектерге адамгершілік құндылықтарын: білімділік пен тәрбиелілік, еңбекшілдік пен әдептілік, ар – намысшылдық, отаншылдық пен

парасаттылық, ұлтшылдық пен жауапкершілік, батылдық пен ептілік, мейірімділік пен қайырымдылық, өзін – өзі тануға мүмкіндік тудыруы мен қабілетін білуі және оларды игеруі, қолдауы, жетілдіруі, саяси жедел жаңаруға жеткізетіндігімен маңызды болмақ. [2, б. 143]

Жас ұрпақ – мектеп оқушылары болашағымыз жеткіншектерде, шәкірттерде адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде алда тұрған. Әсіресе, ХХІ ғасырда әлемдік дамудағы шапшаңдықты ұлғайтқан уақытта өзектілігі сезіледі, әрине педагогика ғылымының зерттеу нысаны тәрбие жұмыстарындағы озық – тәжірибе өскелең ұрпақ тәрбиесіне ықпалын ескеріп, қажеттілігін біліп жетілдіру, жүйелеу тиімділігін арттыру мақсатында зерделеу, ғылыми – теориялық және әдістемелік негіздерін айқындап, оларды орынды пайдаланып, болашаққа меңзеген зерттеме жасауға талаптандырады. [1, б. 162]

Осыған орай мектептегі рухани – адамгершілік тәрбиенің педагогикалық негіздерін қарастыру, оның жолдары мен мүмкіндіктерін айқындап, осының негізінде баланың рухани – адамгершілігін дамытудың пәрменділігін арттыратын әдістемелік нұсқау беріледі. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын қарастыра отырып, біздің қазақ халқының сауатты болуына да, рухани болып қалыптасуына да зор үлес қосқан – Ыбырай Алтынсарин. Осы ұлы тұлғаның шығармашылығына назар аудара келе, баяндама тақырыбы «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бала тәрбиесінде атқаратын ролі» деп таңдалды.

Қазақстан дамыған елдердің қатарына енгелі отырған бүгінгі заманда, тәрбиесіз білім беру мүмкін емес, сондықтан да болашақ туымызды көкке желбіретіп, алға өрлететін азаматтарға рухани тәрбие беру бүгінгі таңда маңызды мәселе болып саналады.

Қазіргі кезде балалардың рухани – адамгершілік дамуын теориялық негіздеп, педагогикалық алғышарттарын сұрыптап, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні зор екенін дәріптеп, балалардың адамгершілік қасиеттерін ояту.

Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел – жұртын көрші елдің өнер – білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен, орыстың қала берді Европа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс – тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам – талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік – танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып қарастырған хрестоматиясына қосты. [7, б. 195–196]

Сөйтіп, ұлы ағартушы – ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш – қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады.

Ыбырай ауыл – шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырады. Ол қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашқан. Бұл қыздар мектебі Ырғыздағы қыздар мектеп – интернаты деп аталды. Ыбырай бұл істері нәтижесінде патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырайды.

Өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. [1, б. 162–163]

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағындағы көптеген өлеңдері қазіргі білім мазмұнына енгізілген. Ақын өз кезінде «Сөз басы» деген атпен алған қазіргі кезде бұл өлеңдер «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар» деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу – білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу – білімнен қараң тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды. [6, б. 53]

1) Істің болар қайыры Бастасаңыз алдалап. Оқымаған жүреді Қараңғыны қармалап.	2) Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас... Жөн білмеген адамға Қыдыр ата дарымас...
--	---

Бұл «өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі – оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында», – деп атап көрсетеді, ғалым Әдербісалин «Ы.Алтынсариннің әдеби мұралары» деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру ,білімсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б.

Ал «өнер – білім бар жұрттар» өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. («Сарай салғызды», «Айшылық алыс жер», «Көзінді ашып жұмғанша»,

«Құстай ұшу», «Балықтай жүзу», «Өнер – жігіт көркі», «Сіздерге бердім батамды» т.б. Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған «Өсиет өлеңдер», «Әй жігіттер» тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық – қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал – еңбектің адамгершілік мінез – құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Мысалы:

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен.
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен.

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескерді, мән – мағынасы көнерді деп айта алмаймыз. Ақынның бірлі – жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көрністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән. Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиетінде, т.б. елдердің әдебиетінде ХVIII ғасырдан келе жатқан белгілі дәстүрлердің бірі. Ыбырайдың «Жаз», «Өзен» өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс, өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көңілді әсер қалдырады. Табиғат көріністерін суреттеуі жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестік бар. Олардың орыс әдебиетімен жақсы таныстығы көрінеді. [1, б. 162]

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көрініп тұр. Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасына кеңінен таралғандығын атап көрсетеді.

Сондай – ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата – ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан – ақ жатқа айтып жүрміз. («Бұл кім?», «Ананың сүюі», «Балғожаның хаты»...) Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі – проза жанры болды. Оның «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім», т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. [1, б. 163]

Еңбек тақырыбы – Ыбырай әңгімелерінің арқауы. Ол техниканы меңгерген адам зор игілікке ие болады, жаратылыстың тілін біледі, оны өзінің айтқанына көндіреді, халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар негізінен олардың тұрмысын жақсартады дейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді.

Ұлы ұстаздың тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, талаптан да таңдап ал дейді.

Маңызды істің бірі рухани – адамгершілік тәрбиелілікті, адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез – құлық, адамгершілік дамуды қалыптастыруды мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың орны ерекше. [4, б. 37]

Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармасының бірі – «Қыпшақ Сейітқұл». Сейітқұлдың іс – әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы – осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді. Көркем әдебиеттің күрделі жанры – әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1–2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. [1, б. 163]

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ... Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез – құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат – мейірім (ана – бала) перзенттік парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен – бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан – жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Шәкірттердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру басты педагогикалық еңбектің нәтижесі, оның нобайы ынтымақтаса еңбек етуді міндеттейді. Көрсетілген жобасы білім беру, тәрбиелеу үдерісінің ұлттық нобайының қазіргі таңда орынды екендігін байқауға болады.

Бұл арада шәкірттерге динамикалық тұлға, дамушы, болашақ азамат, жеткіншек, ұрпақ өсіруші, жетілуші, ертеңгі маман, қоғамның тіректері ретінде мәндік сипат беріледі.

Рухани – адамгершілік іс – әрекет дегеніміз адамның жалпы игілік, жақсылық және тұлғаның ерік – күйі адамгершілік мақсаттарға жетуге бағытталған және адамгершілік мақсаттар бойынша адамгершілік жағынан дәлелденген тәсілдер арқылы жүзеге асқан іс – әрекетті реттейтін адамның белсенділігін, оның қоршаған дүниемен өзара қатынасының өзіндік түрі, нысаны деуге болады.

Осыған байланысты, оқушыларға рухани – адамгершілік тәрбие берудің мазмұнын құру қажет. Оқушыларға сабақ кездерінде рухани – адамгершілік тәрбие беру мәселесінде қазіргі педагогика ғылымының теориясы мен практикасында үш жобасын ерекше атап өтсек:

Біріншісі – көп пәнді жоба, мұнда дәстүрлі пәннің мазмұнына бөлім, тақырыптар және бұрыннан бар тақырыптардың мазмұны рухани – адамгершілік мәліметтері мен байытылады.

Екіншісі – бір бағыттағы жоба, орта мектепте тәрбие жоспарына арнайы рухани – адамгершілік нормасын енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Үшіншісі – аралас жоба, мұнда адамгершілік тәрбиенің жеке мәселелері дәстүрлі пәндерде қарастырылады. Содан соң, олардың басын біріктіріп, қорытындылап арнайы пән оқылады. Қазіргі кезде екінші жоба теориялық жағынан жете негізделген. [3, б. 125]

Ыбырай шығармаларын мектеп практикасында жиі қолдануға болады. Бұл жоба оқушыларға сыныптан тыс жұмыстар арқылы адамгершілік тәрбиелікті меңгерту, адамгершілік қарым – қатынас, адамгершілік мінез – құлық нормалары мен, адамгершілік сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ыбырай туған халқын оқу – білімге шақырып, қараңғылықтағы еліне білімнің жарық сәулесін таратты. Тұңғыш қайраткер жас ұрпақ тәрбиелеуде жаңа ғылымның іргетасын қалады. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде де, аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударады. Ол халық шығармашылығынан ертегілердің, мақалдар мен мәтелдердің т.б. тәрбиелік мақсатқа сай келетінін ғана таңдап алып шебер қолданды. [5, б. 21–24] Бұдан біз ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Мұғалімдердің мектепке келу жолы да әр қилы, олардың тағдырлары да әр түрлі. Бұлай болуы заңды. Әр ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушының жүрегіне жол табуда, әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін жағдай жасауда. Ең бастысы: мұғалім оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне көмектесуі керек, оның бойында өзін, өмірді, әлемді тануға деген қажеттілікті оята білуі керек, әрбір іс – әрекеті үшін өзінің, жолдастарының, мектептің, қоғамның алдындағы жауапкершілікті – адамгершілік қадір – қасиетті сезінуді тәрбиелеуі керек. Танымның қиын жолындағы балалар жетістігі мұғалімнің әрбір оқушы мүмкіндігіне сенім артуына, оның табандылығы мен шыдамдылығына, шәкіртіне дер кезінде көмекке келе білуіне тікелей байланысты. Мұғалім мамандығы жасандылыққа, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Өмірін осыған арнаған адам өз шәкіртіне дарытқысы келетін барлық қасиеттер болуы шарт. Мұғалімнің өзі тұлға болуы тиіс, өнегелі адам ғана өнегелі шәкірт тәрбиелейді, оның өзі биік парасатты тек ізгі жан дүниесімен ғана балаға дарытуға болады, ол міндетті түрде жан – жақты сауатты және шығармашылықтың адамы болуы тиіс деп ойласақ қателеспегеніміз. Иә, елі үшін еңіреп туған ерлердің – дүлдiлі Ыбырай Алтынсарин санаға осындай үн қосады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ағартушылары шығармаларындағы адамгершілікке тәрбиелеу жайындағы пікірлерін жастарға оқыту мәселелері // С.Сейфуллин атындағы Қазақ Мемлекеттік агротехникалық университетінің 50 жылдығына арналған «Қазіргі кезеңдегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер» атты ғылыми – практикалық конференция материалдары. Астана, 2007. 160–163 б.
2. Жеткіншектердің рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық диагностикасы // Білім – Образование. Алматы, 2007. №6, 143 б.
3. Сынып ұжымындағы үйлесімді іс – әрекеттер // Қ.А.Ясауи Хабаршысы. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ – Түркістан, 2007. №3, 125 б.
4. Жастарды тәрбиелеуде М.О.Әуезовтің педагогикалық ой – пікірлеріндегі адамгершілік тәрбиесін қолданудың қажеттілігі // Қ.А.Ясауи Хабаршысы. Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ 2008ж. №4, 37 б.
5. Тәрбие жұмыстарындағы модульдік технологияның ерекшеліктері // Білім – Образование. Алматы, 2007. №5. 21–24 б.